



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2023 жылғы 21 сәуірдегі № ДС-91

Құрметті депутаттар!

Сіздердің қосымша білім беру педагогтарының еңбекақы төлемі мәселесін қайта қарауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Мемлекет бюджет саласы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мәселесіне үнемі ерекше назар аударады.

Бұдан басқа Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2020 – 2023 жылдар кезеңінде педагогтердің жалақысы 2 есеге артты (*жыл сайын 25 %*). Сондай-ақ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде біліктілік санаты үшін қосымша ақы алушылар тобы кеңейтілді.

Қосымша білім беру педагогтерінің жалақысы азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесіне¹ (бұдан әрі – Еңбекақы төлеу жүйесі) және Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізіліміне² (бұдан әрі – Лауазымдар тізілімі) сәйкес есептеледі.

Еңбекақы төлеу жүйесімен функционалдық блоктар бойынша азаматтық қызметшілердің (*оның ішінде қосымша білім беру педагогтері де жататын*) лауазымдарының жіктеуіші қарастырылған, жіктеуішке сәйкес В2 блогына тек мұғалімдер мен дәрігерлер жатқызылған. Өз кезегінде, қосымша білім беру педагогтері балаларды тәрбиелеу, оқыту және жеке тұлғаны қалыптастыру процесіне қатысатын негізгі персонал ретінде В3 және В4 блоктарына жатқызылған.

Лауазымдар тізілімінде қосымша білім беру педагогтері келесідей орналастырылған:

- біліктілігі жоғары деңгейдегі (*жоғары білімді*) педагог В3 блогының біліктілік санатына байланысты 1-4 сатылары бойынша;

- біліктілігі орта деңгейдегі (*техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді*) педагог В-4 блогының біліктілік санатына байланысты 1-4 сатылары бойынша.

¹ «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы.

² «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 123 бұйрығы.

Педагогтің жалақы мөлшері олардың білім деңгейіне, біліктілік санатының болуына (*шебер, зерттеуші, сарапшы, модератор*), жұмыс өтіліне, орындалатын жұмысының көлеміне (*тарификация бойынша нақты жүктемесіне*) байланысты, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы қосымша ақыларға, еңбек жағдайлары үшін үстемеақыларға байланысты есептелінеді.

Бұл ретте қосымша білім беру педагогі (*B3 және B4 блоктары*) балалар үйірмелерінде, секцияларда, студиялар мен клубтарда білім алушылардың/тәрбиеленушілердің әртүрлі шығармашылық қызметін ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асырады.

Өз кезегінде, орта білім беру ұйымының мұғалімі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына³ (бұдан әрі – МЖМБС) сәйкес оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады, МЖМБС көзделген деңгейден төмен емес білім алушылардың нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Осылайша, қосымша білім беру педагогі мен орта білім беру мұғалімінің атқаратын функционалдық міндеттері көлемі мен күрделілік дәрежесі бойынша айтарлықтай әр түрлі.

Еңбекақы төлеу жүйесіне (*4-қосымшаның 8-тармағына*) сәйкес ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистр дәрежесі үшін қосымша ақыны алушылар айқындалған, оларға бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері және әдістемелік кабинеттің (*орталықтың*) педагогтері енгізілген.

Бұл қосымша ақы орта білім беру ұйымдарына және әдістемелік кабинеттерге мектептегі білім беру сапасын арттыру мақсатында жоғары деңгейдегі мамандарды тарту үшін белгіленген.

2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауда Мемлекет басшысы азаматтық қызметшілердің (*оның ішінде қосымша білім беру ұйымдарының жұмыскерлері*) жекеленген санаттарының жалақысын 2022 жылдан бастап 2025 жыл аралығында орташа есеппен жыл сайын 20%-ға арттыруды тапсырды.

Осыған байланысты, Үкімет қосымша білім беру педагогтерінің жалақысын қосымша арттыру мәселесін азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеудің қолданыстағы жүйесін жетілдіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс шеңберінде қарайтын болады.

Көтерілген мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, нақты ұсыныстарыңызды Үкімет сіздермен бірге талқылауға мүдделі екендігін жеткізеді.

Жалпы бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің ерекше бақылауында.

Ә. Смайылов

Орынд.: Н.Е.Абдрахимов, тел.: 745410

³ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.